

Қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында тас өңдеу өндірісін дамыту мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 маусымдағы N 533а

Түзеу мекемелерінде жазасын өтеуге сотталғандардың еңбек етуге құқығын жүзеге асыру үшін қажетті жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің екінші деңгейдегі банктердің біреуімен үш жыл мерзімге 2,5 млн. АҚШ долларына бара-бар сомаға несиелік келісім жасау туралы шешімі мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне заемдық қаражатты Жамбыл және Алматы облыстарындағы түзеу мекемелерінің кәсіпорындарына тас өңдеу өндірісін дамытуға бағыттау ұсынылсын.

3. 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті несиелік шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда пайда болған берешекті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қылмыстық-атқару жүйесін ұстауға бөлінген қаражаттың есебінен өтеу;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Қаржы министрлігімен бірлесіп осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдау тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі